

ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНЕ ЕРЕКШЕ ҚЫМБАТ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІРІ – МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

Заманбек Ә.
Кітапхана ісі мамандығы, 4 курс
студенттерінің практикалық
жұмысы.



Міржақыптың балалық шағы

Міржақып Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада бұрынғы Торғай облысындағы Сарықопа болысында (қазіргі Қостанай облысының Жанкелді ауданына қарасты «Қызбел» ауылы) дүниеге келген. Әкесі – Дулат аты шыққан шебер, ал анасы – Дәмеш әншілікке бейім болған. Міржақып екі жаста анасынан айырылды. Әкесі балаларының үлкені Асқарды әуелі мұсылманша, одан кейін орысша оқытып, заң қызметіне бағыттады. Осы жолмен кіші ұлы Міржақыпты да оқуға береді.



Мұғалімдік қызметі

Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасында оқыды. Бірақ екі жылдан кейін басқа мектепке ауысып кетті. Ол жайында өзі де жазған. Молдадан кейін Міржақып ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады. 12 жасында әкесінен айырылады. Ағасы Асқар әкесінің тілегін орындаймын деп, Міржақыпты ары қарай оқытады. Сөйтіп, інісін өзі оқыған екі кластық орыс-қазақ мектебіне береді. Міржақып Ыбырай Алтынсарин негізін салып кеткен мектепте бес жыл оқып, үздік бітіріп шығады.





«Осымен менің оқу орындарынан білім алуым аяқталды. 1902 жылдан бастап ауылда мұғалімдік қызметімді атқара жүріп, бос уақытымды білімді жетілдіруге жұмсадым», – деп еске алды Дулатұлы.

Міржақыптың шығармашылығы

Міржақып Дулатұлының көптеген әңгімелері лақап аттармен шыққан. Оның жиі қолданған есімдері: Азамат, Мадияр, Таймінер, Түрік баласы және Арғын баласы.

Қаламгердің алғашқы кітабы «Оян, қазақ!» болса, бір жылдан кейін «Бақытсыз Жамал» романы жарыққа шықты. 1913 жылы Орынборда «Азамат», ал 1915 жылы «Терме» атты өлеңдер жинағы басылды. Ақын өлеңдерінің басты тақырыбы – ел тағдыры.





Дулатұлы Міржақып – Алаш қозғалысының қайраткері,
жазушы, ақын, драматург, журналист.
“Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі –
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!”-
деп, Міржақып ағамыздың жанын беруге дайын болған
сөздері.

Міржақып Дулатұлы жайлы қызықты деректер

Міржақып Дулатұлы өткір тақырыптарға өте жылдам жазған. Елдің сұранысын жақсы білетін журналист болды. «Қазақ» газетінің сондай сапада, сондай мазмұнда, сондай биіктен көрінгені де содан;



Міржақып Дулатұлы – I Дүниежүзілік соғыста қырғынға ұшырап, босқынға айналған елге көмектесу мақсатында қазақ тарихындағы ең алғашқы «Жанар» жәрдем қорын ұйымдастырғандардың бірі;



Міржақып Дулатұлы 1921-1922 жылғы ашаршылық кезінде Алаш зиялылары аштыққа ұшырағандарға жылу жинап беруді қолға алғанда осы іске Жүсіпбек Аймауытовпен бірге бірнеше айда 15 мың бас ірі қара жинап, ашыққан елге үлестірген;

Міржақып Дулатұлы жайлы қызықты деректер

Міржақып Дулатұлы –
Алашорда үкіметінің
бағдарламасын
жасағандардың бірі;


Міржақып Дулатұлы
жазған «Бақытсыз
Жамал» шығармасы қазақ
әдебиетінде көркем
прозалық үлгіде жазылған
тұңғыш роман болып
саналады.

Міржақып Дулатұлы соңғы
рет қамауға түскенде Мұстафа
Шоқай Сосновец лагеріне
Франциядан барған сауда
кемесі арқылы оны алып
кетпекші болған. Бірақ
Міржақып жанұясының
тағдырына алаңдап, қашудан
бас тартты.



Міржақып Дулатұлының 135 жылдығына орай онлайн конференция

Осы жылы «Алаш» қозғалысының өкілі Міржақып Дулатұлының туғанына 135 жыл. Осыған орай «Ақ жол» демократиялық партиясы «Оян, қазақ!» атты онлайн конференция өткізді. Саяси құрылым алдағы сайлауда Тәуелсіздік және Алаш ұлттық идеясына басымдық бермек. «Бұл ретте кешегі ұлт қайраткерінің саяси тәжірибесін, мемлекетті дамыту бағытындағы ұстанымын және рухани мұрасын зерделеу мен насихаттау аса маңызды», – дейді партия басшылығы.



Әл-Фараби кітапханасындағы «Алаш Орда» мүсіндік композициясы



«Алаш Орда» композициясы

Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының күшімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасында «Алаш Орда» мүсіндік композициясы пайда болды.

Композицияның авторы – мүсінші Батырқан Исаев. Бұл мүсіндік топты «Алаш мұраты» көрме залынан көруге болады.

«Алаш Орда» композициясы Әлихан Бөкейханов бастаған «Алаш Орда» қозғалысының қайраткерлерінің 21 фигурасынан тұрады, сол қатарда біз Міржақып Дулатұлын да байқауымызға болады. Фигуралар баспалдақпен жоғарыға, тұғырға көтеріледі.

Міржақып бабамыздың ескерткіші




Жанкелдин ауданының Қызбел ауылында туған қазақтың аса көрнекті жазушысы, ақын, қоғам қайраткері Міржақып Дулатовқа ескерткіш орнатылды. Биіктігі төрт метр болатын ескерткіш алаш арысының есімімен аталатын мектептің алдынан бой көтерді.

Бидайық ауылына 45 шақырым қалғанда Міржақып туған үйдің орынына осындай белгі қойылған.



Міржақып Дулатұлы кесенесі

Жангелдин ауданы, Бидайық ауылындағы Міржақып Дулатов кесенесі — жалпыұлттық маңызы бар киелі нысан. Міржақып Дулатовтың тағдыры оның көптеген замандастарының тағдыры сияқты өте қайғылы. 1992 жылы Міржақып Дулатовтың туған жері Жангелдин ауданының Бидайық ауылына сүйегі жерленіп, кесене орнатылды.



Қорытынды



XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі Міржақып шығармалары халқымен қайта қауышты. Оның атында көшелер, мектептер, туған жерінде мұражай бар, ескерткіш орнатылған.